

**1-денгейдегі ЖСТД балалармен түзету-дамыту жұмысы** (жеке бағдар)

Ай	Жұмыс бағыты	Жұмыс мазмұны
Кыркүйек, казан	Сөйлеуді түсінүін дамыту	<ul style="list-style-type: none"> <li>- балаларға мұғалім-логопедтің нұсқауы бойынша заттар мен ойыншықтарды білуді және дұрыс көрсетуді үйрету;</li> <li>- ересек адамның өтінішіне сәйкес дene бөліктерін көрсетуді үйрету. Мағыналарды жалпылайтын сөздерді түсінуді үйрету;</li> <li>- балаларға қоршаған ортамен, өздеріне таныс немесе ойын жағдайымен байланысты әрекеттерді көрсетуді және орындауды үйрету;</li> <li>- бір жақты диалог жүргізу дағдысын бекіту (логопед сюжеттік суреттің мазмұны туралы сұрақ қояды, ал бала оған қимылмен жауап береді);</li> <li>- балаларға сұрақтарды саралап қабылдауды үйрету: «Кім? Қайда? Қайдан? Кіммен?»;</li> <li>- балаларға зат есімдердің көпше және жекеше түрін, етістіктердің шақтары және т.б. туралы грамматикалық категорияларды түсінуді үйрету.</li> </ul>
Караша	Белсенді түрде еліктең сөйлеу әрекетін дамыту	<ul style="list-style-type: none"> <li>- балаларға ата-аналарын, туыстарын (анасы, әкесі, әжесі) атауды үйрету;</li> <li>- балаларға достарының, куыршақтарының аттарын атауды үйрету;</li> <li>- еліктеуді үйрету: жануарлардың дауыстарына, қоршаған әлемнің дыбыстарына, музыкалық аспаптардың дыбыстарына;</li> </ul>
Желтоксан	Зейін, еске сақтау, ойлауын дамыту	<ul style="list-style-type: none"> <li>- балаларға педагог ұсынған ойыншықтар мен заттарды (екі немесе төрт ойыншық) еске сақтауды және тандауды үйрету;</li> <li>- ойыншықтар қатарынан алынып тасталғанын немесе қосылғанын анықтауды үйрету;</li> <li>- ойыншықтарды ерікті ретпен еске сақтауды және орналастыруды үйрету (бір тақырып аясында);</li> <li>- логопедтің өтініші бойынша екі-үш сөзді еске сақтауды және айтуды үйрету (ана, әке; ана, әке, тәтे);</li> </ul>

Қантар, ақпан	Сөйлеуді түсінуін дамыту	<ul style="list-style-type: none"> <li>- етістіктің өткен шағын түсінуді үйрету: «Айша кітап оқыды; Айша кітапты оқып болды»;</li> <li>- балаларға заттарды, ойыншықтарды, жануарларды, құстарды олардың ауызша сипаттамасы бойынша табуды үйрету: ұлкен, қоңыр, маймақ, апанында жатады;</li> <li>- ересек адамның өтініші бойынша аталған әрекеттерді орындау үшін заттарды таңдауды үйрету (тігу - ине, сорпа құю - шөміш);</li> </ul>
Наурыз, сәуір	Белсенді түрде еліктең сөйлеу әрекетін дамыту	<ul style="list-style-type: none"> <li>- балаларға сөздерді мына үйрету: ал, бар, бер;</li> <li>- балаларға белгілі бір заттарды нұсқауды үйрету: міне, мынау, бұл, мында;</li> <li>- алғашқы сөйлемдерді күруды үйрету, мысалы: «Мынау ойыншық», «Бұл Алтынай»;</li> <li>- балаларға ұлғі бойынша сөйлем құрауды үйрету: қаратпа сөз + етістіктің бұйрық райы: «Бауыржан, ұйықта»;</li> </ul>
Мамыр	Зейін, еске сақтау, ойлауын дамыту	<ul style="list-style-type: none"> <li>- балаларға ойыншықтарды (заттарды, суреттерді) еске сақтауды үйрету, оларды әртүрлі тақырыптық топтардан таңдауды және белгілі бір ретпен орналастыруды үйрету: доп, машина, қалпақ; доп, қасық, қарындаш;</li> <li>- еске сақтауды және мағынасына сәйкес келетін суреттерді таңдауды үйрету: жаңбыр - қолшатыр, қар - коңықи;</li> <li>- белгілі бір түсті заттарды таңдауды үйрету (қызыл машиналарды, ақ текшелерді ғана және т. б. тандау);</li> <li>- белгілі бір пішіндегі фигуralарды (тек қана шаршылар, үшбұрыштар, шеңберлер) таңдауды үйрету;</li> </ul>



**2-денгейдегі жалпы сөйлеу тілі дамымаған баламен түзету-дамыту жұмысы  
(ұлғі)**

<b>Ай</b>	<b>Жұмыс бағыты</b>	<b>Жұмыс барысы</b>
Кыркүйек, казан	Сөйлеуді түсінуін дамыту	<ul style="list-style-type: none"> <li>- балаларды өздеріне қаратыла айтылған сөйлеуді мұқият тыңдауларын дамыту;</li> <li>- заттардың, әрекеттердің, кейбір белгілердің атауларын ажыратуды үйрету;</li> <li>- сөздердің жалпылама мағынасын түсінуді қалыптастыру;</li> <li>- бір, екі, үш буыннан тұратын құрылым құрделі (сүт, бал, дала, аспан, карлығаш, бөдене) сөздерді атауды үйрету;</li> <li>- балаларға сөзжасамның бастапқы дағдыларын үйрету: еркелету, кішірейту мағынасын беретін журнақтары бар зат есімдер: -шақ, -шек, -тай, -ша, -ше, -дай, -ша, -ше, -қан, -кен (ботақан, құлышақ, көрпеше).</li> <li>- заттардың атауларын жанды/жансыз категоряларға жіктеуді үйрету;</li> <li>- сөйлеуде сапалық сын есімдерді қолдануды үйрету (ұлкен, кішкентай, дәмді, тәтті, әдемі және т. б.);</li> <li>- сөйлеуде «менің, (менікі)» тәуелдік жалғаудың I жақ формасын қолдануды және зат есімдерді тәуелдеуді үйрету (менің добым, менің ойыншығым);</li> <li>- ұлғі бойынша жай сөйлемдер құрастыру дағдысын бекіту: қаратпа сөз + етістіктің бүйрық райы (Марат, бар! Қанат, токта!);</li> </ul>
Караша, желтоқсан	Өз бетінше фразалық сөйлеуін дамыту	<ul style="list-style-type: none"> <li>- жай сөйлемдерді ұлғі бойынша қурауды үйрету: «Кім? Не істеді? Не? Қайтті?»;</li> <li>- екі жолдан тұратын қысқа тақпактарды жаттауды үйрету;</li> <li>- диалог жүргізу дағдысын, сұракты тыңдау, оның мазмұнын түсіну, қойылған сұраққа түсінікті жауап беру, сұракты жолдасына бағыттау білігін қалыптастыру (Мен ойнап отырмын. Ал сен не істеп отырсың? Данияр келді. Ал сен не істедің?);</li> <li>- балаларға сөйлеуде жіктеу және сілтеу есімдіктерін қолдануды үйрету (мен, сен, ол, олар);</li> </ul>

Қантар, ақпан, наурыз	Сөйлеу қызметін белсендіру және тілдің лексика-грамматикалық құралдарын дамыту	<ul style="list-style-type: none"> <li>- сөйлеуде реттік сан есімдердің кейбіреуін қолдануды үйрету (бірінші, екінші, үшінші);</li> <li>- өздігінен сөйлеуде көмекші есімдердің кейбіреуін түсіну және қолдану дағдысын қалыптастыру (устінде, ішінде, астында);</li> <li>- балаларға қойылған сұраққа бірынғай бастауыштар, бірынғай баяндауыштар, бірынғай толықтауыштарды қолданып жауп беруді үйрету (мысалы: Не өсіп тұр? Ағаштар да, шыршалар да, гүлдер де өсіп тұр. Кім келді? Анам да, әкем де, апам да келді. Туған күніңе кімді шакырдың? Арай мен Қуатты, Ержан мен Берікті шакырдым.);</li> <li>- бүтінді анықтау үшін заттың бөлшектерін атауды үйрету (арқалық - орындық, бұтақтар - ағаш, көрсеткілер – сағат);</li> <li>- аталған сөзге ассоциативті-жағдаяттық принцип бойынша басқа сөздерді таңдауды үйрету (шана – қыс, кеме – теңіз);</li> </ul>
Сәуір, мамыр	Өз бетінше фразалық сөйлеуін дамыту	<ul style="list-style-type: none"> <li>- жай сөйлемдерді ұлғі бойынша құрау дағдысын дамыту: «Кім? Не істеді? Не?»; «Кім? Не істейді? Немен?»;</li> <li>- бірынғай бастауыштар, баяндауыштар, толықтауыштар енгізу арқылы сөйлемдер көлемін кеңеүтү: «Анар мен Сәуле ойнап отыр. Қуат аю мен допты алды»;</li> <li>- балаларға сөйлеу дыбыстары мен сөйлеуге қатысы жоқ дыбыстарды ажыратуды үйрету;</li> <li>- дыбыс қайдан шыққанын анықтауды үйрету;</li> <li>- айттылуына қарай жақын не алшак дыбыстарды жіктеуді үйрету;</li> <li>- қойылған дыбыстарды буын, сөз, сөйлем деңгейінді автоматтандыруды үйрету;</li> <li>- балаларға логопед ұсынған сөздердің ыргактық ұлғисін шапалақтап көрсетуді үйрету;</li> <li>- балаларға қысқа және ұзын сөздерді есту арқылы ажыратуды үйрету;</li> <li>- балаларға әртүрлі екпінмен, дауыс күшімен, интонациямен айттылған «па-па-па» сияқты біртекті буындардың тіркесімдерін еске сақтауды және айтуды үйрету;</li> </ul>

### 3-денгейдегі ЖСТД балалармен түзету-дамыту жұмысы

<b>Ай</b>	<b>Жұмыс бағыты</b>	<b>Жұмыс барысы</b>
Қыркүйек, казан	Тілдің лексика-грамматикалық құралдарын дамыту	<ul style="list-style-type: none"> <li>- балаларға өздеріне қаратыла айтылған сөйлеуді тыңдауды үйрету;</li> <li>- заттардың, әрекеттердің, белгілердің атауларын бөліп көрсетуді, сөздердің жалпылама мағынасын түсінуді үйрету;</li> <li>- балаларға II жақтың бүйрық райында тұрған етістіктің жекеше түрінен III жақтағы ашық райында тұрған етістіктің осы шақтағы жекеше және көпше түрін жасауды үйрету (ұйықта - ұйықтармыз, ұйықтаймыз, ұйықтайды). Диалогтық сөйлеу формасын пайдалану мүмкіндіктерін кеңейту;</li> <li>- балаларға сөзжасамның кейбір тәсілдерін үйрету: еркелету кішірейту мағынасын беретін журнақтары бар зат есімдердің қолдану (-шак, -шек, -тай, -тей және т.б.);</li> <li>- балалардың сұрақтар, қымылдар көрсету, суреттер, ұлгілер бойынша жай сөйлемдер күрау дағдысын бекіту;</li> <li>- зат есім + етістік + толықтауыш: «Анам (әкем, бауырым, әпкем, қызы, ұл) шай ішіп отыр (шырын, сұт)», «кітап (газет) оқыды»;</li> <li>- зат есім + етістік + жанама септіктегі баяндауыш: «Анам кімге көйлек тікті? Айжанға (қуыршаққа) көйлек тікті», «Ана көжені немен араластырды? Ана көжені шөмішпен араластырды»;</li> <li>- шағын әңгіме күрау дағдысын қалыптастыру;</li> </ul>
Қараша, желтоқсан	Сөйлеудің айтылу жағын қалыптастыру	<ul style="list-style-type: none"> <li>- балаларда сақталған дыбыстарды анықтау: о, ө, а, ә, у, ү, ә, и, м, м', н, н', ң, п, п', т, т', л, л', ф, ф', в, в', б, б', к, қ, ;</li> <li>- дауысты және дауыссыз дыбыстарды есту арқылы ажыратуды үйрету;</li> <li>- сөздегі бірінші дауысты және дауыссыз дыбысты анықтауды үйрету (Анар, көз және т.б.), дыбыс тіркесімдерін талдау, мысалы: ау, уа;</li> </ul>

Қантар, ақпан, наурыз	Тілдің лексика-грамматикалық құралдарын дамыту	<ul style="list-style-type: none"> <li>- балаларға азық-түлік өнімдеріне («лимон», «алма»), өсімдіктерге («емен», «қайың»), әртүрлі материалдарға («кірпіш», «тас», «агаш», «қағаз») қатысты сапалық сын есімдерді дұрыс қолдануды үйрету;</li> <li>- белгілерін білдіретін атаулар ішіндегі сөз тіркестерін заттың қызметі мен сұрақтар арқылы ажыратуды және анықтауды үйрету «Қандай? Қай?»;</li> <li>- бір етістіктің екі, одан кейін уш формасын жасауға жаттықтыру («жат» — «жатыр» — «жатырмын»);</li> <li>- III жакта тұрған етістіктің жекеше түрі формасын I жакта тұрған етістіктің жекеше (көпше) түрі формасына өзгертуді үйрету: «барады» — «барамын», «барамын» — «барамыз»;</li> <li>- заттардың кеңістікте орналасу орнын білдіретін «үстінде, астында, ішінде, ішінен» көмекші есімдерін зат есімдердің тиісті септік формаларымен бірге қолдануды үйрету.</li> </ul>
Сәуір, мамыр	Өз бетінше фразалық сөйлеуін дамыту	<ul style="list-style-type: none"> <li>- дайындалған диалог жүргізу дағдысын жетілдіру (өтініш, әңгіме, драматизация элементтері);</li> <li>- сөйлемдердің әртүрлі түрін құру дағдысын кеңейту;</li> <li>- сурет (суреттер сериясы) бойынша шағын әңгімелер, сипаттама әңгімелер, қайталап айтуды үйрету.</li> </ul>
	Сөйлеудің айтылу жағын қалыптастыру	<ul style="list-style-type: none"> <li>- дыбыстарды белгілеріне қарай анық ажырату негізінде фонематикалық қабылдауды қалыптастыру: қатаң – ұян; жуан – жіңішке.</li> </ul>

**4-денгейдегі ЖСТД балалармен түзету-дамыту жұмысы**

<b>Ай</b>	<b>Жұмыс бағыты</b>	<b>Жұмыс барысы</b>
Қыркүйек, қазан	Тілдің лексика-грамматикалық құралдарын қалыптастыру	<ul style="list-style-type: none"> <li>- кішірейту, еркелету мағынасын беретін жүрнақтарды дұрыс қолдануды үйрету:</li> <li>-шақ, -шек, -тай, -ша, -ше, -дай, -ша, -ше, -қан, -кен. Кішкентай затты қалай атایмыз? (устел – үстелше, тақтай – тақтайша, дорба – дорбаша, құлыш – құлышшақ.)</li> <li>- өздері жақсы түсінетін антоним сөздерді қолдануды үйрету (жақсы – жаман, биік – аласа және т.б.);</li> <li>- жалпылауыш сөздердің мағынасын анықтауды үйрету.</li> </ul>
Қараша, желтоқсан	Өз бетімен үйірлі фразалық сөйлеуін дамыту	<ul style="list-style-type: none"> <li>- сөйлемдердің әркелкі түрін құрауды үйрету:</li> <li>- бес немесе жеті сөзден тұратын жалаң және жайылма сөйлемдер құрауды үйреу;</li> <li>- «кейін» жалғаулықты шылауымен сабактас құрмалас сөйлемнің женіл түрін құрау («Бірінші үйдің суретін салу керек, кейін оны бояу қажет»); «немесе» шылауымен;</li> <li>- бағыныңқы сөйлемдері бар сабактас құрмалас сөйлем (өйткені), іс-әрекеттің қаланатының немесе қаланбайтының білдіретін қосымша бағыныңқы сөйлемдермен (мен қалаймын, өйткені...)</li> </ul>
Қантар, акпан, наурыз	Сөйлеудің айтылу жағын қалыптастыру	<ul style="list-style-type: none"> <li>- өз бетінше сейлеу кезінде дыбыстарды қолдануды үйрету: л, с, ш –тура және кері буындарда жуан, жінішке айтылуы, сөздер мен сөйлемдерде;</li> <li>- дыбыстарды дауыстың қатысына қарай жіктеуді үйрету: с-з, жуан не жіңішкелігіне қарай: л-л', т-т', орнына қарай: с-ш.</li> </ul>
Сәуір, мамыр	Жазу мен оқудың қарапайым дагдыларын менгеруге дайындық	<ul style="list-style-type: none"> <li>- дыбыстық талдау және синтез дағдыларын, тұра және кері буындар құрау (ас-са), бір буыннан тұратын сөздер құрауды (бал, лақ, бақ) үйрету.</li> </ul>